

«Бекітемін»

Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебінің

директоры  Ш.И. Тулегенова

«31» Жули 2022 жыл



**2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтің  
жылдық жұмыс жоспары**

Әлеуметтік педагог: Убанова Ж.Д.

Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары  
2022-2023 оқу жылы

130 – бұйрық негізінде

**Тақырыбы:** Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

**Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:** оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

**Әлеуметтік педагогтың міндеттері:**

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқығылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытты әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
<b>I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу</b>				
1	<p>Ұйымдастырушылық іс-шаралар.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру.</li> <li>- Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау.</li> </ul>	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Жоспар
2	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау.</li> <li>- Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.</li> </ul>	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Акция аясында
3	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Жалпыға білім беру қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну.</li> <li>- Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру.</li> </ul>	Қыруйек-тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабиқова Д.Т.	Пед кеңес анықтама
4	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау.</li> <li>- Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар</li> <li>- Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар</li> <li>- Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар</li> </ul>	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т сынып жетекшілер	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу



	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар</li> <li>- Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар</li> <li>- Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар</li> <li>- Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар</li> <li>- Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар</li> <li>- Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын)</li> <li>-Ата-аналардың білімі</li> </ul>			
5	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.	Тамыз	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТПЖО Шабиқова Д.Т.	Тізім жасақтау
<b>II. Балалық құқығын қорғау жұмысы</b>				
6	Оқушылардың мектеп жағдайындағы құқығын қорғау: тегін ыстық тамақпен, оқулықпен қамтамасыз ету, тәрбие алуын, берілетін көмектен тыс қалдырмау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т сынып жетекші	Қадағалау
7	Мектеп бойынша ерекшелігі бар, физиологиялық немесе, психологиялық жағына ауытқушылығы бар балаларды анықтап, тізімін жасау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т Сынып жетекшілер Психолог	Мәлімет.
8	Ерекше білім алатын балаларды ПМПК тексеруден өткізуді ұйымдастыру.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Қадағалау.
9	Үйден оқитын ерекше білім алатын балаларының тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында акт жүргізу	Жылына екі рет	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т психолог.	АКТ

10	«Тамақтану рационы» сауалнама. 8-11 сынып»	04.10.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т медбике Оспанова Н.	Анықтама
11	«Отбасылық құндылықтар» тақырыбында орта буын санаптарында эссе жазу.	20.10.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т сынып жетекшілер	Анықтама
12	«Мектеп асханасы» оқушыларға сауалнама 5-11 сынып оқушылары»	06.11.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
13	Ерекше білім алатын балаларға арнап, спонсор көмегімен жаңа жылдық сыйлықтар тарату.	22.12.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т.	Анықтама
14	Ерекше балаларды мектепшілік іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға тарту.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Қадағалау.
15	«Дос болайық бәріміз» танымдық сабақ 1-3 сынып	11.01.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
16	«Мамандықтың бәрі жақсы» Тренинг 8,9-сынып	22.01.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
17	Ерекше білім алатын оқушылар сыныптастарымен жасаған шығармашылығынан «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында көрмесі	12.02.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
18	Мектеп оқушылардың сабақтан тыс үйірмелерге қатысуын қадағалау.	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т.	Қадағалау.
19	«Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық шаралары.	21.02.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т.	Анықтама
20	ЖҚТБ (СПИД) зардабы	23.02.23	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама

	Сабақтан тыс түсіндірме сабақ, 8-11 сыныптар.		медбике Оспанова Н.	
21	«Мейірімді жүрек» мектеп оқушылары Қайырымдылық акция	26.02.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т психолог, Ермекбаева Д.Т. сынып жетекшілер	Анықтама
22	Өгей әке, өгей аналармен тұратын оқушылармен жұмыс: -Сабақтан тыс үйірмелерге спорттық секцияларға, үйірмелерге қатысымы. -Ата-анасымен жеке әңгіме жүргізу -Оқушылардың үйіне барып рейд жүргізу	Уақытында	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т.	Қадағалау
23	«Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» мектептегі қыз балалармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу	14.03.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т психолог, Ермекбаева Д.Т. медбике Оспанова Н.	Анықтама
24	Өгей әке ата-анамен тұратын оқушылардың үйлерін аралау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т Сынып жетекшілер	АКТ
25	«Оқушы көзқарасын анықтау» сауалнама жүргізу 5-11 сыныптар.	05.04.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
26	«Мейірімді болса жүрек-орындалар тілек» тренинг 4-5сыныптар	10.04.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
27	Оқушылардың мектеп жағдайындағы құқығын қорғау, кажетгі білім-тәрбие алуын, дұрыс тамақтануын қадағалау	Ай сайын	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТЖО Шабикова Д.Т	Қадағалау



28	«Тамақтану мәдениеті дегеніміз не?» Баяндама, слайд 1-4 сынып»	10.05.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т Медбияке Оспанова Н.	Анықтама
<b>III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс</b>				
29	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	Жылына екі рет	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т және комиссия құрамы	Акт
30	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. (болған жағдайда)  Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т  Психолог Ермекбаева Д.Т.	Тізім
31	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	Уақытында	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т	Оқушы құжаттарын жинау
<b>IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандарды ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы</b>				
32	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТДЖО Шабикова Д.Т  Сынып жетекшілер	Қадағалау
33	Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	Үнемі	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Қадағалау

			ДТДЖО Шабикова Д.Т Сынып жетекшілер	
<b>V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс</b>				
34	Жалпы ата-аналар туралы мәлімет жинау, отбасының әлеуметтік статусы, ата-аналардың білімі, әлеуметтік жағдайын анықтау.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т	Мәлімет
35	Ата –ана жиналысына қатысу «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы	27.12.22	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТДЖО Шабикова Д.Т	Анықтама
36	Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау.	I.II.III.IV тоқсан	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т  ДТДЖО Шабикова Д.Т	Бақылау жүргізу
37	Отбасына әлеуметтік-психологиялық кеңес беру(қамқоршы ата-ана, үйден оқитын ерекше білім алатын балалардың ата-аналары үшін)	Уақытында	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т ДТДЖО Шабикова Д.Т психолог Ермекбаева Д.Т.	Кеңес беру
<b>VI. Диагностикалау-талдау қызметі</b>				
38	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты нығайту мақсатында көпбалалы отбасыларымен «Бакығы Отбасы» фестиваль	17.05.24	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Анықтама
39	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Есеп беру
40	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	мамыр	Әлеуметтік педагог Кужаньязова В.Т	Жоспар әзірлеу



**2022-2023 оқу жылы**  
**Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі бойынша әлеуметтік педагогтің жылдық жұмыстарының қорытынды есебі.**

2022 жылдың тамыз айының 3-і күні «Жалпыға бірдей білім беру қоры» есебінен төмендегі үш отбасыға:

1. Кавкаевтар отбасына 74 778 теңге;
2. Насырадин отбасына 74 788 теңге;
3. Серікбай отбасына 112 167 теңге қаржылай көмек көрсетілді.

2021-2022 оқу жылының тамыз айында әлеуметтік педагогтың жоспарына сәйкес жылдық жұмысы бекітіліп, нормативтік-құқықтық құжаттары жинақталды.

«Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Тұрмыстық-зерделеу жұмыстары ұйымдастырылып, әлеуметтік жағдайы анықталды.

2022 жылдың 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» жалпыреспубликалық акция жоспары құрылып, бекітілді. Акцияның мақсаты-оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай –ақ аз қамтылған көпбалалы, қолайсыз отбасылардың, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және басқа да санаттағы материалдық көмекке мұқтаж әлеуметтік қорғалмаған балаларға әлеуметтік көмек көрсету. Осы орайда Ақкемер ауылдық аппарат әкімшілігі және Жарық шаруа қожалық басшысы Қәдекқызы Оралхан бір кісідей ат салысуға, қолдау көрсетуге өз үлестерін қосты. Акцияға Қәдекқызы Оралхан бір отбасының екі баласына мектеп формасымен және спорт аяқ киімдермен қамтамасыз етті. Ақкемер ауылдық округінің аппарат әкімшілігі 70000 мың теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетті. Аталған суммаға оқу құралдарымен спорт киім, аяқ киім алынып, оқушыларға таратылды. Жалпы 21 оқушыға 120000 мың теңге көлемінде акция барысында көмек көрсетілді.



2022 жылдың 31 тамыз күні мектеп бойынша ыстық тамақпен төмендегі оқушылар тізімі анықталып, бекітілді. 1-ші ауысымда 5 оқушы, 2-ші ауысымда 2 оқушы тамақтанады.

№	Оқушы аты-жөні	Туған жылы айы, күні	Сыныбы	Статусы
1	Серікбай Бауыржан	30.08.2010	6ә	АСП
2	Серікбай Жандос	21.05.2013	4ә	АСП
3	Серікбай Мейіржан	14.01.2009	8ә	АСП
4	Қайып Дамирлан	10.10.2015	1а	АСП
5	Кавкаева Ұлпан	21.09.2016	1а	Жанбасына шаққан
6	Кавкаева Томирис	02.03.2009	8ә	Жанбасына шаққан
7	Кавкаева Мәншүк	09.06.2010	7ә	Жанбасына шаққан

Оқушылардың күзгі демалыс кезінде бос уақытын тиімді өткізу мақсатында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен және ТОО "Мұғалжар сауда" басшысы Казмухамбетов Дәуренбек Мустафаевичтің демеушілігімен мектебіміздің 7 оқушысы Қандыағаш қаласындағы "Caramel Kids" ойын-сауық орталығына апарылды. Оқушыларға дастархан жасалды, ойындар ойналды, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



7 «а» сынып оқушыларымен «Тіл татулық тірегі» атты сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін жетілдіруге жағдай жасау. Өзге ұлт арасында мемлекеттік тіл қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт оқушыларының қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу. Оқушылар екі топқа бөлініп, әр түрлі тілге байланысты мақал-мәтелдер арқылы, сұрақтар қойылды. Сайыс нәтижесінде «Самғау тобы» жеңіске жетті. «Мен өзімді білемін» атты тренингпен қорытындыланып аяқталды.

5-9 сыныптар арасында «Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Тапсырмаға сәйкес оқушылар отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін, ата-анамен бала арасындағы ашық әңгімелерін, бір-біріне деген сый құрметтерін ашып жазды. Отбасы атауының терең мәніне үңіліп, оттың басы, ошағымыздың түзу болу үшін не істеу керекпіз? деген сұрақ-жауаптармен қорытындылады.

Қайырымдылық жасау мақсатында мектеп дәлізіне «Жанашыр жүрек» тақырыбында сөре ашылды. Жанашырлық таңытқан ұстаздар мен ата-аналар оқу-құралдарын және киім-кишектер әкеліп, сөреге қойды.

- Шабикова Д.Т. - оқу-құралдары;
- Мұхамбетова Қ.Т. - аяқ киім;



- Мырзабек М.М. – сөмкелер, аяқ киім, киім-кишек;
- Карагулова Ж.Ж. – жиде;
- Избагамбетова Қ. – жиде;
- Бержанова Г.Х. – орамал;



Қараша айының 7-сі күні мектебімізде 1-11 сыныптар арасында әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Мектеп асханасы» атты әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

**Мақсаты:** Мектеп асханасының жұмысы туралы оқушылардың пікірлерін білу; Дұрыс тамақтану саласындағы оқушылардың сауаттылық деңгейін білу; Мектеп асханасының кемшіліктерін анықтау

Сауалнамада барлығы 6 сұрақ.

Сауалнамаға барлығы 120 оқушы қатысты. Оқушылар өз ойларын нақты көрсете алды. Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті:

**Қорытынды:** Сауалнама нәтижесі жақсы шықты, балалар мектеп асханасы туралы жақсы пікірлер айтты, күн сайын барады. . Өз ойларын еркін жеткізіп, кейбірі жауаптарын толықтырып та жатты.



Қараша айының 18-і күні ерекше назардағы 3 ә сынып оқушысы Жәмет Дария Жәнетқызымен және сынып оқушыларымен « Мен тұлғамын» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушының «Мен» бейнесін айқындап, құқықтық сауаттылығын арттыру, өзін - өзі сезінуіне және басқаны түсінуіне жағдай жасау. Әлеуметтік педагогпен біріктіліген тренинг ұйымдастырылды.

1-жаттығу «Менің ерке есімім»

2-жаттығу «Сиқырлы саусақтар» жаттығуы

3-жаттығу «Қимылды ойын»

4-жаттығу «Жан жүрек сезімі»



Оқушылар тренингке жақсы қатысып, қызығушылық танытты. Тренинг ізбе-ізділіктен өтті.



Желтоқсан айының 26-сы күні қамқоршылық кеңесінің отырысының шешімімен Мұғалжар ауданы әкімінің шыршасына қатысуға және әкім шыршасының сыйлығына төмендегі оқушылар ұсынылды. Оның ішінде ерекше білім қажет ететін 76 сынып оқушысы Сисенов Темірлан арнайы сыйлық алып, ыстық тамақпен қамтылатын 3 отбасының балалары жаңа жылдық сыйлыққа ие болды.

2022 жылы аудан әкімі шыршасына қатысуға ұсынылған оқушылар тізімі :

№	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Туған жылы, айы, күні	Категориясы
1	Қайып Дамирлан	1 а	10.10.2015 ж	АӘҚ
2	Серікбай Бауыржан	6 ә	30.08.2010 ж	АӘҚ
3	Кавкаева Мәншүк	7 ә	09.06.2010 ж	АӘҚ
4	Сисенбі Әбілмансұр	6 а	26.06.2011 ж	Дарынды оқушы
5	Дүкенбаев Аян	1 ә	29.02.2016 ж	Толық емес отбасы
6	Сисенов Темирлан	7 б	10.02.2008 ж	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы

2022 жылы аудан әкімі шыршасының сыйлығына ұсынылған оқушылар тізімі :

№	Оқушылардың аты-жөні	сыныбы	Туған жылы, айы, күні	Категориясы
1	Мейрамбекқызы Ақару	10 а	22.04.2007	Дарынды оқушы
2	Кәрімов Қайсар	8 а	22.09.2009	Спорт үздігі
3	Амантай Асыл	6ә	06.05.2011	Дарынды оқушы
4	Оралбай Нұржауған	9 а	20.11.2008	Толық емес отбасы
5	Жарылғас Құндыз	1б	23.05.2016	Толық емес отбасы
6	Жұмагулова Диана	9 ә	26.04.2008	Дарынды оқушы
7	Қуандықова Балауса	9 а	29.08.2008	Көп балалы отбасы
8	Әбубәкір Арай	6 а	21.06.2010	Дарынды оқушы
9	Уалихан Ерасыл	4 а	22.07.2013	Дарынды оқушы

10	Қойшыбаева Мадина	9 а	24.11.2007	Дарынды оқушы
11	Тілектесова Мөлдір	9 а	16.11.2007	Дарынды оқушы
12	Аманкүл Ақбота	4 ә	08.11.2012	Дарынды оқушы

2023 жылдың «Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекелік шарасында Аккемер ауылдық әкімшілігінің қолдауымен мектебімізде ерекше білім алатын оқушыларға және көпбалалы отбасы балаларына мектеп директорының міндетін атқарушы А.Т.Буркуталіна жаңа жылдық сыйлықтар таратты.



Қаңтар айының 16-сы күні 3-4 сынып оқушыларымен мектебіздің ұланбасы М.Қойшыбаева және әлеуметтік педагогтің ұйымдастыруымен «Біз бәріміз доспыз» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушылардан дос туралы ұғымның мағынасын сұрап, керемет жауаптар берілді. Достыққа байланысты әңгіме оқылып, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Және дос туралы өлеңдер шығарып, «Алақан» тренингімен аяқталды.





Қаңтар айының 18-і күні 8-9 сынып оқушыларымен «Мамандығым өмірімнің айнасы» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылармен ойындар ойнатылып, сауалнамалар алынып, мамандыққа байланысты жаттығулар жасалды. Оқушылар параға белсенділікпен қатыса отырып, болашаққа деген айқын көзқарастары байқалды.



Ерекше білім беру қажеттілігі бар Ильсова Айарумен өзінің сыныптастары 2а сынып оқушыларымен қарым-қатынасын нығайту мақсатында «Қарым-қатынас» тақырыбында психолог, сынып жетекшісі және әлеуметтік педагог бірлесіп тренинг өткізді. Тренинг барысында сынып жетекшісі Ш.М.Ағибаева психологиялық ахуал тудыру мақсатында көңілді сәлемдесу ұйымдастырды. Психолог Д.Т.Ермекбаева қарым-қатынас нығайту мақсатында «Құбыр» тренингін өткізіп, Айару осы ойында сыныптастарымен қосылып көңілін көтеріп, барлығы ауызбіршіліктерін көрсетті. Есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында Әлеуметтік педагог В.Т.Кужаньязова қолғаптың сыңарын тап деген ойын ұйымдастырды, бұл ойында Айаруға сыныптас достары бағыт беріп қолғаптың сыңарын көрсетті. Айаруға сыныптастары қол шапалақтап қолдау білдіріп, әлеуметтік педагогтің тарапынан арнайы дайындалған сыйлық табысталды.





«Үлкен құрмет, кішіге ізет» тақырыбында берілген жоспарға сәйкес, 9 сынып оқушылары мен ата-аналарымен «Оқушының жан-жақты дамытуда, ұстаз бен ата-ананың бірлігі» ашық есік күні айлығы аясында ауыл мешітіне сенбілік жасалынды. Мақсаты: Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушыларды еңбекқорлық пен қайырымдылыққа тәрбиелеу.



Қаңтар айының 16-сы күні 8-11 сынып оқушыларымен « СПИД – ҚАТЕРЛІ ДЕРТ »тақырыбында мектеп медбикесі Н.У.Оспанова мен әлеуметтік педагог В.Т.Кужаньязова кеңес беру жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты:Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын,өмір сүру қажеттілігін,бағалы байлық екенін түсіндіру; гигиеналық мәдениетті қалыптастыру;балаларымыз сұлу да сымбатты денсаулығы зор,күшті болу үшін денені шынықтыру,оларға спортпен айналысуының қажет екендігін түсіндіру. Іс-шара барысында оқушыларға ғасыр індеті туралы мағлұмат беріп, пікір алмасты.Тақырыпқа сай оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, СПИД ауруының нәтижелері мен алдын-алу жолдарына кеңес берілді.







Қайырымдылық акциясы аясында "Мейірімді жүрек" тақырыбында шара ұйымдастырылды. Қайырымдылық шарада мектеп оқушылары өнер көрсетіп, жиналған көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Жиналған қаражат Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелерінің шешімімен ерекше білімді қажет ететін үш оқушының еміне ақшалай көмек беріледі.



Наурыз айының 27-сі күні 7-10 сыныбының қыз балаларымен «Ерте жүктіліктің алдын алудың өзекті мәселеге айналуының себеп-салдары» тақырыбында баяндама оқылып, видеоролик көрсетілді. Баяндама барысында оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, түсіндерме жұмыстары жүргізілді. Видеоролик мазмұнына байланысты әлеуметтік педагог, медбике және мектеп психологі ашық әңгіме жүргізді.



Мектепке деген көзқарас тақырыбында оқушылардан сауалнама алынды. Барлығы 40 оқушы қамтылды. Мақсаты: Оқушылардың мектепке көзқарасын, сабаққа ынтасын, қызығушылығын анықтау. Сауалнама нәтижесі қанағаттанарлық деп қорытындыланды.



Наурыз айының 16-сы күні ата-аналарымен «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сауалнама өткізілді. Барлығы 30 ата-ана қатысып, сауалнама нәтижесі қанағаттанарлық деп қорытындыланды.

Ата-аналардың 97 пайызы 7-14 ұпай аралығында жинап. Бала тәрбиелеу барысында үлкен қателіктер жібермейтіні анықталып, дегенмен ойланатын мәселелер бар екені айтылды. Бұның бәрін бала тәрбиесінен басқа мәселелерді ұмытып, бір күнгі демалысыңызды тек балаларға арнауға ұсынылды. Баламен қарым-қатынаста өзіңізге сенімді болуға, бала бұны әркез бағалайтыны айтылды.



2022-2023 оқу жылының сәуір айының 10-ы күні Аккемер ЖББО мектебінде 4-5 сынып оқушыларымен «Сүйіспеншілікке толы жүрек» тренингі өткізілді.

Мақсаты: Балаларға сүйіспеншілік туралы түсінік беру

Тренинг барысында сұрақ-жауап, түсіндірі, көрсету, көркем сөз, мақтау-мадақтау т.б әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

В. Сухомлинский «Аң қанаты» әңгімесі оқылып, оқушылар ойларын айтып мазмұнын аша білді. Психолог балаларға әр жануардың өз өмірі сүретін ортасы барын түсіндірді. Балық суда жүзеді, құс аспанда ұшады, қоян жерде жүреді. Ойын барысында ортаға үлкен шеңбер жасалды. Балалар сол шеңберді айналып музыкалық сүйемелдеумен билеп жүрді. Психолог музыканы тоқтатып; «аспан», «жер», «су» деген команда берді. Сәйкес топтағы балалар шеңбер ішіне кіруі керек. Балалар толық дағдыланғанша айналды. Тренинг барысында нақыл сөздер айтылып, балалар ойларын ортаға салды.

Өткізілген тренингтен алған әсерлерін сұралып, сабақ барысында жақсы қатысып отырған балаларға мақтау ретінде смайлик таратылды. Орташа қатысып отырған балаға сары жұлдызша ұсынылды.



Мамыр айының 10-ы күні 1-4 сынып оқушыларына мектеп медбикесі Н.У.Оспанова және әлеуметтік педагог В.Т.Кужаньязова «Тамақтану мәдениеті дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқыды. Тақырыпқа сай оқушылар сұрақтар қойып, ойларымен бөлісіп отырды

Мақсаты:

1. Пайдалы тамақтану жайлы түсінікті қалыптастыру.
2. Тақырып бойынша оқушылардың белсенділігін арттыру.
3. Оқушыларды ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.





1-6 сынып оқушылары арасында «Оқушыларды жан-жақты дамытуда ұстаз бен ата-ананың бірлігі» атты ашық есік айлығы аясында, «Бір құсқа, бір ұя» тақырыбында құстарға ұя жасау акциясы ұйымдастырылды.

Акция мақсаты: өскелең ұрпақты қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүйуге тәрбиелеу, ата-аналар мен мектеп оқушыларының экологиялық көзқарасы мен табиғат алдындағы жауапкершілігін қалыптасыру, қанатты достарымызды шақыру және қорғау, сонымен бірге табиғатты қорғау жұмысына араластыру болып табылады.

Оқушылар құстарға арналған өлең -жырларын оқып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған ұяларын өздері таңдаған ағаштарына ілді. Әлеуметтік педагогтің ұйымдастыруымен ашық аспан астында самаурынмен шай қайнатылып, ата-аналарға ыстық шай берілді.

Ерікті ата-аналар мен оқушылар ұя жасап, акция 10 күнге жалғасын тапты. Белсене қатысқаны үшін әр отбасы мектеп директорының алғыс хатымен марапатталып, аудандық «Жақсылық жасап жарысайық» акциясы нәтижесінде 3-орынға ие болды.



Көп балалы отбасылары арасында «Оқушыларды жан-жақты дамытуда ұстаз бен ата-ананың бірлігі» атты ашық есік айлығының жабылуына орай "Бақытты елдің, бақытты ата-анасымын" тақырыбында фестиваль ұйымдастырылды.

Белсенділік танытқан көп балалы:

Бегимовтар отбасы, Ұзақберген отбасы, Қосамановтар отбасы, Рахметолла отбасы, Кенжебай отбасы, Мукановтар отбасы, Нурғалиевтер отбасы, Идирисовтар отбасы, Қуановтар отбасы, Сахиевтер отбасы, Сисембі отбасы, Тыныштықовтар отбасылары және сынып жетекшілері алғыс хатпен марапатталды.



Балалардың жазғы кезде демалуы үшін лагерлердің екі типі болады: мектептегі және қала сыртындағы.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2023 жыл 30 мамырдағы №1-597 қатынас хатына сәйкес мектеп жанындағы тамақтандыратын-тамақтандырмайтын күндізгі алаңдарда 2023 жылдың 05.06.-23.06 күндері аралығында 1-10 сынып бойынша 300 оқушы қамтылады. Лагерь 4 топқа бөлініп, арнайы бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырылады. Мектеп медбикесінің арнайы бақылауына алынып, оқушылардың уақытын тиімді ұйымдастыру үшін тәрбиелік оқу-жаттығулар жүргізіледі.

Қала сыртындағы лагерьлерге оқушылардың өтініші Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 11-қосымшасына сәйкес қабылданып, құжаттар дайындалады.

«Щучинск» қала сыртындағы лагерьге 8ә сынып оқушысы Шакиев Қайнардың құжаттары жинақталып, 5 маусым күні екі жетілік лагерьге жіберіледі. Оқушы толық емес отбасынан.

5-8 сыныптар бойынша үздіктер арасынан 6 оқушының құжаты жинақталып, ата-аналарымен түсініктеме жұмыстары жүргізілуде. Оқушылар қала сыртындағы «Шұғыла» жазғы лагерьіне шілде айының 29-ы күні барады.

Арнайы 5 категория бойынша оқушылардың ата-аналарымен жиналыс өткізіліп, қала сыртындағы ұйымдастырылатын лагерьге ата-аналар балаларын жанұя жағдайларына байланысты баруына бас тартып, қол хағ алынды.

Қала сыртындағы ұйымдастырылатын лагерьлерге кезең-кезеңімен оқушылар жіберілетін болады.

Әлеуметтік педагог:

В.Т.Кужаньязова